

## Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді талдау және бағалау

*Мұстафаев Қ.С., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Касымова С.Б., магистр, аға оқытушы  
Қазақ технология және бизнес университеті*

*Аңдатпа.* Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі және азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсарту айтарлықтай дәрежеде елде болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, экономиканың негізгі салаларының қоршаған ортаға әсер етуінің сандық және сапалық өзгерістеріне байланысты.

*Кілт сөздер:* экологиялық қауіпсіздік, Экологиялық кодекс, қоршаған ортаны қорғау

### **Analysis and assessment of payments for emissions into the environment by regions of the Republic of Kazakhstan**

*Mustafayev K. S., Candidate of Economics, Associate Professor  
Kasymova S. B., Master's degree, senior lecturer  
Kazakh University of Technology and Business*

*Annotation.* The environmental safety of the Republic of Kazakhstan and the improvement of the living conditions of citizens largely depend on the profound socio-economic changes taking place in the country, quantitative and qualitative changes in the impact of the main sectors of the economy on the environment.

*Keywords:* environmental safety, Environmental code, environmental protection

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде жүзеге асырылады және табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделері мен жеке адамның құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер етудің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.


Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық қауіпсіздік деп - жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі түсініледі. Экологиялық қауіп-қатерден қорғалу жағдайы тұтастай алғанда тұрғындар мен ұлттық жетістікті құрайтын түрлі объектілер мен субъектілерден тұруы тиіс. Қоғам және тұлға қауіпсіздік объектісі, конституциялық құрылым, егемендік және аумақ – қорғану объектілері деп аталады. Субъектілердің қорғалатын құқықтары қоршаған табиғи ортаның жағымсыз әрекеттерінен денсаулықты қорғауға азаматтардың құқығы деп аталады [1].

Қазақстан халқының едәуір бөлігі зиянды өндірістік факторлардың тікелей әсер ету аймағында тұрады, олардың негізгілері атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары болып табылады.

2020 жылы тұрақты көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары 2441 мың тоннаны құрады және олардың деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 1,7% - ға төмендеді.

Ластаушы заттардың негізгі көлемі Павлодар (723 мың тонна), Қарағанды (627,7 мың тонна), Атырау (154 мың тонна), Ақтөбе (135,1 мың тонна) және Шығыс Қазақстан (127,2 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасты. Бұл осы аймақтардағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлкен шоғырлануына байланысты.

Жергілікті атқарушы органдардың деректеріне сәйкес, 2020 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін нақты төлемдер 87,972 млрд теңгені (2019 ж. - 99,1 млрд теңге), ал табиғатты қорғау іс - шараларын іске асыру кезінде игерілген қаражат сомасы - 63,512 млрд теңгені (2019 ж. - 46,7 млрд теңге) құрайды (1-сурет).



Сурет 1. 2018-2020 жылдардағы ҚОҚ бойынша іс-шараларға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін іс жүзіндегі төлемдердің және игерілген сомалардың көлемі, млн теңге

2020 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер бойынша Қарағанды (18499,5 млн теңге), Павлодар (16434 млн теңге) және Атырау облыстары (9313,8 млн теңге) көшбасшы болды.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін ең төменгі төлемдер Түркістан облысында (345,1 млн теңге) және Шымкент қаласында (851,4 млн теңге) байқалады.

Іс жүзінде Республиканың барлық өңірлерінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін нақты төлемдер жоспарлы көрсеткіштерден асып түседі, ал Батыс Қазақстан облысында жоспардың 2,5 есе асып кетуі байқалады. Іс жүзіндегі төлемдер жоспарлы көрсеткіштерден төмен жалғыз өңір Маңғыстау облысы болып табылады (іс жүзінде 1809 млн теңге жоспар бойынша 2065 млн теңгеге қарсы).

Табиғатты қорғау іс - шараларын орындауға ең көп сома 2020 жылы Ақтөбе (12,7 млрд теңге), Атырау облыстарында (12,4 млрд теңге) және Алматы қаласында (10,3 млрд теңге), ең аз сома Шымкент қаласында (46 млн теңге) бөлінді.

Көптеген өңірлерде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінген қаражат толық көлемде игерілді. Бюджет қаражатының толық игерілмеуі 3 өңірде (Атырау, Қызылорда және Қарағанды облыстары мен Нұр-сұлтан қаласында) байқалады. Бюджетке түсімдерден қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығыстарының ең көп үлесі Алматы қаласына (700 %), Қызылорда облысына (410,1%) тиесілі. Жалпы бюджет шығыстарының қоршаған ортаға эмиссиялар үшін бюджетке төленетін төлем түсімдерінен асып түсуі 8 өңірде байқалады [2].

Бюджет түсімдерінен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығыстарының ең аз арақатынасы Қарағанды (9,8 %), Павлодар облыстарында (9,7 %) және Шымкент қаласында (5,4%) байқалады. Қарағанды және Павлодар облыстарында қоршаған ортаға эмиссия үшін бюджетке 18499,5 млн теңге және 16434,1 млн теңге мөлшерінде төлемдер түскен кезде табиғатты қорғау іс-шараларына тиісінше 1925,7 млн теңге және 1598,5 млн теңге бөлінді. Батыс Қазақстан облысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінген сома эмиссия үшін нақты төлемдерге сәйкес келеді (2300 млн теңге және 2131 млн теңге).

Қалған облыстарда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінген қаражат пен эмиссия үшін нақты төлемдер арасындағы айырмашылық пайыздық арақатынаста 15,2% - дан 158,7% - ға дейін өзгеріп отырады.

Жергілікті атқарушы органдар негізінен мынадай іс-шараларды орындауға қаражат бөледі:

- қалалар мен елді мекендерді көгалдандыру, скверлер мен саябақтарды салу, абаттандыру, ормандарды күзету, қорғау, молайту және орман өсіру, орман дақылдарын құру, орман қорғау іс-шаралары, жасыл қорғаныш аймағын құру;
- жануарлар дүниесін қорғау, балық өсіру және су айдындарына балық жіберу;
- су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және абаттандыру, су түбін тереңдету және түбін тазарту іс-шаралары, су қоймаларын тазарту және санациялау, бөгеттер, дамбалар, су қоймаларын салу және күрделі жөндеу;

- табиғи және жасанды су айдындарында мелиоративтік іс-шаралар жүргізу, бөгеттер мен өзге де су құрылыстарын қорғау және күтіп ұстау;
- СҚА шекарасында атмосфералық ауаның ластануына мониторинг және жер үсті суларының мониторингін жүргізу;
- ағаш отырғызу және балық отырғызу материалдарын сатып алу;
- көлік инфрақұрылымын дамыту;
- қоршаған ортаны қорғау саласында халық арасында, оның ішінде балалар мен жастар арасында ағарту жұмыстарын жүргізу;
- суаратын су құбырлары жүйесін салу, арық желілері мен нөсер кәрізін қайта жаңарту, кәріз желілерін салу және жөндеу; жылжымалы құмдардан қорғау бойынша жұмыстар; - рұқсат етілмеген (стихиялық) үйінділерді жою бойынша іс-шаралар.

Кесте 1. 2017-2020 жылдардағы қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындар, мың теңге

Аймақ-жыл	2018	2018	2019	2020
Ақмола облысы	7 731 558	30 083 852	22 128 905	63 945 393
Ақтөбе облысы	19 730 783	27 272 350	54 121 971	38 153 904
Алматы облысы	1 932 064	3 258 301	1 360 312	2 397 183
Атырау облысы	42 713 118	39 720 005	55 376 398	43 869 542
Шығыс Қазақстан облысы	24 726 539	26 455 558	30 135 498	39 516 518
Батыс Қазақстан облысы	18 896 624	14 776 661	13 329 572	16 593 09
Жамбыл облысы	17 407 721	22 240 684	52 768 246	12 148 355
Қарағанды облысы	27 573 500	36 305 472	49 034 032	33 797 385
Қостанай облысы	7 365 475	8 508 370	9 404 196	23 327 794
Қызылорда облысы	4 266 409	3 086 699	34 534 401	16 131 739
Маңғыстау облысы	24 664 284	27 268 698	20 167 295	16 727 282
Павлодар облысы	25 457 810	34 640 550	37 133 277	40474 833
Солтүстік Қазақстан облысы	2 488 085	2 818 568	3 892 011	4 328 499
Түркістан облысы	9 314 289	7 005 406	20 466 213	2 768 430
Шымкент қ		5 357 762	6 642 659	7 552 841
Нұр-Сұлтан қ	23 694 574	8 393 430	4 781 433	17 222 878
Алматы қ	4 444 342	4 984 642	5 115 686	5 060 060
Жиыны	262 407 175	302 177 008	420 392 105	384 015 734

Бұдан басқа, Қазақстанның серпінді дамып келе жатқан экономикасы жағдайында қалаларды, олардың инфрақұрылымын дамыту проблемалары, осыған байланысты әлеуметтік мәселелер ерекше өзектілікке ие болады және оларды шешу тұтастай алғанда экономиканың теңгерімді дамуының негізгі факторына айналады.

Ірі қалаларда урбандалудың жедел қарқыны стратегияларды әзірлеу және қалалық дамуды басқару әдістеріне елеулі өзгерістер енгізуді, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласын дамытуға мемлекеттік және жеке инвестицияларды едәуір ұлғайтуды талап етеді.

2020 жылы кәсіпорындар мен ұйымдардың қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындары 384 млрд теңгені құрады, оның ішінде негізгі капиталға инвестициялар үлесіне 45,2%, ағымдағы шығындарға - 54,8% келеді.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар көлемі бойынша 2020 жылы Ақмола (63,9 млрд теңге), Атырау (43,9 млрд теңге), Павлодар (40,5 млрд теңге) облыстары көш бастап тұр. Ең төмен көрсеткіштер Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында.


Қостанай, Павлодар, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында кәсіпорындардың табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындарының жыл сайын тұрақты өсуі байқалады. Кері үрдіс Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында қалыптасуда [3].

Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг республиканың 47 елді мекенінде 139 бақылау бекетінде, оның ішінде 56 стационарлық бекетте жүргізіледі.

Елдегі бірқатар өңірлер экономиканың өнеркәсіптік секторының жоғары дамуына ие, бұл экологиялық проблемалардың тұтас спектрін қамтиды.

2020 жылы кәсіпорындардың атмосфералық ауаны қорғауға және климаттың өзгеру проблемаларын шешуге жұмсаған шығындарының жалпы көлемінен 35 % ( 2019 ж. – 34 %),

сарқынды суларды тазартуға – 26 % ( 2019 ж. – 25 %), қалдықтармен жұмыс істеуге – 30 % ( 2019 ж. – 30 %) құрады (2-сурет).



Сурет 2. 2019-2020 жылдары кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындарын бөлу, %

Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманың үш түрі бар: мемлекеттік экологиялық сараптама, қоғамдық экологиялық сараптама және жобалардың экологиялық сараптамасы. Мемлекеттік экологиялық сараптама қоршаған орта мен халықтың денсаулығына жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, заң шығарушылық және өзге де қызметті іске асырудың ықтимал теріс салдарларын айқындау және шектеу мақсатында, сондай-ақ елдің экономикалық дамуы мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің теңгерімін сақтау және табиғат пайдалану процесінде үшінші тұлғаларға залалдың алдын алу үшін жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың міндетті сипаты болады және табиғат пайдалану мен қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсер ету бөлігінде құқықтық, шаруашылық және басқарушылық шешімдер қабылдаудан бұрын жүргізілуге тиіс.

Тұрақты дамудың негізгі құралы ретінде Жасыл экономика, яғни ұзақ мерзімді перспективада адамның әл-ауқатын арттыруға алып келетін тауарлар мен қызметтерді өндіруге, бөлуге және тұтынуға байланысты экономикалық қызмет түрлерінің жүйесі айқындалған.

«Жасыл экономика» тұжырымдамасы тұрақты дамудың үш компонентін – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кешенді байланыстыруды және өзара үйлесімді келісуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте жасыл экономика моделі тұрақты даму моделін толықтырады, бірақ жоймайды.

Жасыл экономикаға көшудің маңыздылығы мынадай шешілетін міндеттермен анықталады, оның ішінде:

- қоршаған ортаның жағымсыз ластануын азайтуға және табиғи ресурстардың сарқылуына әкелетін технологиялық жаңғырту;
- көміртегі шикізатына және оның түпкі өнім құнындағы үлесіне тәуелділікті қысқарту есебінен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- үлкен мультипликативті әсері бар бірқатар технологиялық ілгерілемелі салаларды технологиялық жаңартуға ықпал ететін жасыл (экологиялық) инновациялар;
- төмен көміртекті экономикаға көшу, көміртекті тәуелділіктің азаюы, бұл парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және климаттың жаһандық өзгеруімен табысты күресуге мүмкіндік береді;
- жасыл экономикаға негізделген жұмыс орындарын құру (ең алдымен энергетикада, көлікте, базалық салаларда);
- нарықтық тетіктерді дамыту, экологиялық ынталандырулар мен салықтардың рөлін күшейту;
- білім беруді және экологиялық білімді дамытуды қолдау;
- жалпы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және т. б.

## Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Экологиялық кодексі
2. Национальный доклад о состоянии окружающей среды и об использовании природных ресурсов Республики Казахстан за 2020 г.
3. Бюро национальной статистики РК